

**Жоба**

**Астана қаласы мәслихатының шешімі  
(алтыншы шақырылым кезекті сессиясы)**

**Астана қаласы**

**2017 жылғы 17 наурыз**

**Астана қаласының мүгедектер  
қатарындағы мүмкіндігі  
шектеулі балаларды үйде оқытуға  
жұмсаған шығындарын өндіріп алу  
тәртібі мен мөлшері туралы**

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002жылғы 11шілдедегі Заңының 16-бабы 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005жылғы 13сәуірдегі Заңының 29-бабы 6-тармағына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Тәмендегі Астана қаласының мүгедектер қатарындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері айқындалсын:

1) мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу (толықтай мемлекеттік қамтамасыз етілетін мүгедек балалар және ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедек балалардан басқа) ата-анасының біреуіне немесе басқа заңды өкілдеріне отбасы кірісіне қарамастан беріледі;

2) шығындарды өтеу өтініш білдірген айдан бастап «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі жанындағы ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін ұсынылады. Төлем өткен айға жүргізіледі және шығындарды өтеуді тоқтатуға әкеп соғатын жағдайлар болғанда (мүгедектер қатарындағы кемтар баланың он сегіз жасқа толуы, қайтыс болуы, мүгедектік алып тастау), тиісті жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады;

3) өтініш беруші «Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бүйрығымен(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген) бекітілген«Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбе бойынша құжаттар ұсынады;

4) шығындарды өтеу оку жылы ішінде тоқсан сайын 6,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі.

2. Осы шешімділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы**

**С. Жұнісов**

**Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы**

**Ж. Нұрпейісов**